

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№83 (3348), сәрсенбі, 15 октябрь, 2025 жыл

МАХАЛЛА ЖҮЙЕСІН ДАМУ БҮЙЫНША РЕФОРМАЛАРДЫ ЖАҢА БАСҚЫШҚА ШЫҒАРУ БҮЙЫНША МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Президент Шавкат Мирзияевтың төрағалығымен махалла жүйесін одан әрі жетілдіру және жер-жерлердегі жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мәселелеріне арналған бейнеселекторлық жиналыс өтті.

Соңғы жылдары махалла институтын реформалау, оны халық өміріне жақын әрі тиімді жүйеге айналдыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Махаллада “жетілік” жүйесі енгізіліп, несие, субсидия, өтемақы, материалдық көмек секілді 100-ден астам қызмет түрі тікелей махалла деңгейіне түсірілгені нәтижесінде 7,5 миллион азамат кембағалдыктан шықты, ал жұмыссыздық деңгейі 2 есе азайды. Сонымен қатар 3,5 мыңға жуық махалла заманауи келбетке ие болды.

Махалла төрағаларының өкілеттік мерзімі 3 жылдан 5 жылға ұзартылды. Олардың басшылығымен “жетілік” жүйесінің тік құрылымы жасақталып, тиісті жағдайлар, ресурстар мен өкілеттер берілді. Әрбір мүмкіндікті жобаларға айналдырып, жұмыс орындарын ашу үшін махаллаларға банк қызметкерлері мен салықшылар бекітілді, инфрақұрылымға да арнайы қаржы бөлінуде.

Мемлекетіміз басшысы осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жақсы нәтиже көрсетіп жатқан махаллалар көп екенін, бірақ кейбіреулерінің әлі де біртұтас ұжым болып жұмыс істеуді меңгермегенін атап өтті.

— Нарын ауданындағы Шұрарық махалласына барғанымда, облыс әкімдері, республика, облыс, аудан басшылары, “жетіліктің” көзін ашып, олардың сапасын және құзыреттілігін арттыру қажет екенін ұғыну керек, — деді Президент.

Өткен аптада қол қойылған қаулыға сәйкес, Жаңа Өзбекстан рухын ендіруге тиіс 33 аудан мен 330 нашар жағдайдағы махалла белгіленді.

Бұл аудандардың әрқайсысына 100 миллиард сумнан, ал 330 махалланың әрқайсысына 5

миллиард сумнан қаражат бөлінеді. Дүниежүзілік банк пен Ислам даму банкінен тартылған 100 миллион доллар да осы мақсаттарға жұмсалады. Бұдан тыс, осы аудандар мен махаллалардағы “драйвер” жобалардың инфрақұрылымы үшін қосымша 2 триллион сум бөлінеді.

Жалпы, бұл бағдарламаны қаржыландыру үшін 7 триллион сумнан астам қаражат бағытталады. Облыс әкімдерінің өзі де 2, аудан әкімдері 1 ауыр жағдайдағы махалланы белгілеп, әрқайсысына 5 миллиард сумнан бөлуі тиіс. Осы арқылы 236 махалла тұрғындарының өмірінде түбегейлі өзгеріс жасау қажет екені айтылды.

Бір ай бұрын “Бастамалы бюджет” бойынша жаңа қаулы қабылданып, онда махаллада тұрғындардың өзі бастап жатқан жобаларға қолдау көрсету жүйесі енгізілді. Яғни, қай махаллада халық жол, су, мектеп, балабақша жөндеуді бастаса, оның жарты шығынын мемлекет өтейді. Осы мақсаттарға келесі жылы 1 мың жобаға 500 миллиард сум бөлінеді.

Осы орайда Президентіміз тағы бір жаңалықты жариялады. Осы жылдан бастап Салық комитеті жер және мүлік салығын төлеу көрсеткішіне қарай “Ең үздік салық төлеуші махалла” рейтингін жүргізеді.

Рейтингте үздік 100-дікке кірген махаллада инфрақұрылым шығындарының 75 пайызын бюджет жабады. Сондай-ақ әрқайсысына қосымша 2 миллиард сум бөлінеді.

Заң шығару палатасының депутаттарына да өз округтеріндегі махаллалардың инфрақұрылымын жақсарту үшін әрбір махаллаға 3 миллиард сумнан қаржы бөлінеді.

Махалла аумағындағы санитария, экология және заңсыз құрылысқа салынған айыппұлдардың 10 пайызы тікелей махалла бюджетіне бағытталады. Махаллалар бюджетіне 2026 жылдан бастап жыл сайын 200 миллиард сум бөлініп отырады.

Жалпы алғанда, осы көздер есебінен келесі жылда 2 мың махаллаға қосымша 8,5 триллион сум қаражат бөлінеді.

Аудан әкімдері осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, “махалла жетілігімен” жаңа тәсілдер негізінде жұмыс істеуі қажет екені атап өтілді.

Атап айтқанда, Нарын ауданындағы Шұрарық махалласы айналасындағы тағы 6 махаллаға қызмет көрсететін орталыққа айналуға. Осыдан шабыт алған ондаған кәсіпкер әртүрлі жобаларды ұсынуда. Аталған махаллаларға сәулеткерлер мен урбанистер тартылғанының нәтижесінде 7 махалланың келбетін толық өзгерту мүмкіндігі пайда болып отыр.

Облыс, аудан және қала әкімдеріне Реформалар штабымен бірге бірінші кезеңде 33 аудан мен 330 махаллада жұмысты дәл осындай тәсілмен ұйымдастыру тапсырылды.

Жиналыста махаллалардағы кәсіпкерлік жобаларды кеңейту мәселелері де талқыланды.

Барлық махаллада мамандандыруды сонына дейін жеткізу қажет екені айтылды. Бұл үшін махалла тұрғындарымен кездесіп, олардың әлеуетін ескере отырып, нақты мамандандыру бағытын белгілеу және кем дегенде 200 мың адамды жұмыспен қамтитын шағын жобалар қалыптастыру тапсырылды.

Махаллаларға 2 мың шаршы метрге дейінгі бос мемлекеттік нысандарды аукционға шығару өкілеті берілді. Енді махалла

төрағасы мен әкімнің көмекшісі 5 мың шаршы метрге дейінгі бос тұрған мемлекеттік мүлікті аукционға шығара алады. Сатылымнан түскен қаржының 70 пайызы махалланың өзінде қалып, инфрақұрылымға жұмсалады.

Сонымен қатар махалла ғимараттарын заманауи қызмет көрсету нысандарына айналдыру үшін кәсіпкерлерге қосымша жеңілдіктер беріледі.

Атап айтқанда, қала мен облыс орталықтарында кәсіпкерлер салып, төменгі қабатында “махалла жетілігі” орналасатын ғимараттар 3 жылға жер және мүлік салығынан босатылады. Ауылдық жерлерде бұл жеңілдіктер 7 жыл мерзімге қолданылады. Ғимарат иесі болып табылатын кәсіпкерлер осы мерзім ішінде пайда мен айналым салығын 50 пайызға төмендетілген ставкамен төлейді.

Жиналыста махаллалардағы әлеуметтік орта мен жастар тәрбиесіне қатысты шешімін табуы тиіс бірқатар мәселелер де айтылды.

Мысалы, отбасылық ажыраулар, алимент төлеуден жалтару, отбасын және балаларын несие қарыздарымен тастап кету жағдайлары кездесіп жатқаны, жақын туыстар арасындағы неке мен ерте үйленудің теріс салдары барлық азаматтарды — әкімдер, “махалла жетілігі”, ақсақалдар мен бүкіл қоғамды қатты алаңдатуы тиіс екені атап өтілді.

Отбасы құру — бұл тек адамның өзі үшін ғана емес, керісінше, өмірлік жары мен балалары алдындағы үлкен жауапкершілік екені жастарға түсіндірілуі керек екені айтылды. Ажырасу жағдайларында, әсіресе балалардың ауыр материалдық жағдайға түсіп қалмауы үшін некелік келісімшарт жасаудың ар-

тықшылықтарын насихаттау қажет екені атап өтілді.

Кейбір махаллаларда, көшелерде, құрылыс нысандары маңында, арықтар мен гүлзарларда тазалық талаптары сақталмай жатқаны көрсетілді. Осыған байланысты республика көлемінде тазалық және тәртіп айлығы жарияланатын болды, әрбір аудан мен қала әкімдеріне, абаттандыруға жауапты әкім орынбасарларына тиісті тапсырмалар берілді.

Енді “жетілік”, махалла тұрғындары жасыл аумақ құру бастамасын көтерсе, аудан әкімі 10 сәтікке дейін жер телімін беретін болады. Әкімдер мен “жетілікке” бұл жерлерге қоғамдық бақылау қатан орнатылатыны, егер олар басқа мақсаттарға берілетін болса, заң үстемдік ететіні, жаза сөзсіз қолданылатыны ескертілді.

Жауаптыларға “жетілік” жұмысының тиімділігін көшенді бағалайтын жүйе енгізу тапсырылды.

Аудан әкімдері жыл соңында жақсы жұмыс істеген 10 “жетілік” құрамын марапаттап, оларға қосымша үстемеақы төлеуді ұйымдастырады. Бұдан былай “жетілік” мүшелерімен әрбір бағыт бойынша жеке-жеке жиналыс өткізуге тыйым салына-тыны да белгіленді.

— Реформаларымыздың бастау нүктесі болған әрбір махалланы Жаңа Өзбекстанның тынысымен қамту, ең алдымен, “махалла жетілігінің” біртұтас ұжым ретінде жұмыс істеуіне тікелей байланысты, — деді мемлекет басшысы.

Жиналыста жауаптылар мен аумақтар басшыларының есептері тыңдалды, махалла төрағаларымен ашық диалог жүргізілді.

ӨЗА

ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев

14 октябрь күні Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан мен Ресей арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды жоғары деңгейдегі келісулер аясында одан әрі дамыту және нығайту мәселелері қаралды.

Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың негізгі көрсеткіштерінің өсім қарқынын сақтау, сондай-ақ екі елдің аумақтары деңгейіндегі кооперациялық жобаларды қолдап-қуаттауға ерекше назар аударылды.

Гуманитарлық ынтымақтастық, әсіресе мәдениет, өнер және білім беру салаларында, соның ішінде инженерлік кадрларды даярлау бағытында кеңейіп келе жатқаны ризашылықпен атап өтілді.

ӨЗА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ – ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ ФАКТОРЫ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әр халықтың өзіндік ерекшелігін сақтауда, ұлттық бірлікті нығайтуда және қоғамда төзімділік ортасын қалыптастыруда тіл маңызы зор. Әсіресе, Өзбекстан сияқты көпұлтты елімізде мемлекеттік тілдің беделі мен орны тек ресми мекемелерде ғана емес, қоғамның барлық салаларында нығайып келе жатқаны қуанышты. Осы мақсатта ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері үшін мемлекеттік тілді оқыту бойынша тегін оқу курстарының ашылуы — елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-рухани саясаттың тағы бір іс жүзіндік көрінісі.

Бұл курстардың ашылу салтанаты Мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін оқыту және біліктілікті арттыру орталығында өтті. Шараға Өзбекстан Республикасының Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері комитеті, сондай-ақ Мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін оқыту және біліктілікті арттыру орталығының басшылығы, ұлттық мәдени орталықтардың белсенділері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Шараға қатысушылар мемлекеттік тілді терең үйрену, оны түрлі ұлт өкілдері арасында кеңінен насихаттау, сондай-ақ мемлекеттік тіл мәдениетін арттырудың өзекті мәселелерін талқылады.

Өзбекстан көпұлтты мемлекет ретінде 130-дан астам ұлт-ұлыс өкілдерінің бір отбасы болып өмір сүріп келе жатқан ел. Сондықтан мемлекеттік тілді үйрену олардың өзара қарым-қатынасын, қоғамдық қызметін, мемлекет өміріне қатысуын одан әрі тиімді етуге қызмет ететіні сөзсіз. Жаңадан ұйымдастырылған оқу курстары ұлттық мәдени орталықтардың белсенділеріне өзбек тілін үйренуде іс жүзіндік көмек көрсетеді. Курстар барысында тыңдаушыларға мемлекеттік тілде құжаттар жүргізу, сөздік қорын арттыру, ресми сөйлеу мәдениетін дамыту бойынша заманауи әдістер негі-

зінде сабақтар өткізіледі. Бұл бастама, әсіресе, республикамызда қызмет етіп жатқан түрлі ұлттық мәдени орталықтардың өкілдеріне үлкен мүмкіндіктер туғызады. Өйткені мемлекеттік тілді білу — бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар бірліктің, құрмет пен өзара сенімнің белгісі.

Шара соңында Өзбекстан Республикасының Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері комитеті мен Мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін оқыту және біліктілікті арттыру орталығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат болашақта мемлекеттік тілді насихаттау, ұлтаралық татулықты нығайту және өзбек тілін оқыту бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін маңызды құқықтық негіз болып қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері үшін тегін ұйымдастырылған осы оқу курстары Өзбекстанда мемлекеттік тілдің мәртебесін одан әрі арттыру, әрбір азаматтың өзбек тілін терең үйренуіне жағдай жасау жолындағы маңызды қадам болды. Бұл бастама болашақта тек тіл оқыту үшін ғана емес, еліміздегі барлық ұлт және ұлыс өкілдері арасында ортақ рухани кеңістік құру үшін қызмет етеді.

Ө.АХМЕТҚЫЗЫ

ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Зарафшан қаласындағы “Жастар” мәдениет сарайында “Болашақ мамандықтары – Зарафшан тәжірибесінде” тақырыбында жастармен және жұртшылықпен ашық сұхбат өтті.

Оған Зарафшан қаласының әкімі Назирбек Рахманов, Тамды ауданының әкімі Орзимурод Умаров, Зарафшан қалалық ішкі істер бөлімінің басшысы Сардор Латипов, қалалық мемлекеттік салық инспекциясының басшысы Рашид Бахрнов, әкім орынбасарлары, білім беру мекемелерінің директорлары, жастар мен қоғам өкілдері қатысты.

Сұхбатта Зарафшан қаласы әкімі сөз сөйлеп, қазір суранысқа ие болған және болашақта суранысқа ие болатын мамандықтар туралы өз талдауын айтты. Қолданыстағы суранысты қанағаттандыру бойынша орындалуы тиіс міндеттер белгіленіп, оларды орындау бойынша жауаптыларға тапсырмалар берілді.

Осыдан кейін Тамды ауданының әкімі де осы тақырып бойынша өз пікірлерін білдіріп, келешектегі кәсіптерге шолу жасады.

Сондай-ақ қалалық Кембағалдықты қысқарту және жұмысын қамту бөлімінің басшысы Мирзохид Жураев, ТАТУ Зарафшан факультетінің деканы Улугбек Сафаров, Науаи мемлекеттік тау-кен технология университеті Зарафшан факультетінің деканы Нурбек Полвонов, №1 политехникум директоры Ильяс Темиров, №2 политехникум директоры Садриддин Бозоров өз баяндамаларымен шықты.

Жастармен жүздесуге келгендердің ұсыныстары тыңдалып, сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Г.НАРЫНБЕТОВА, Науаи облысы, Зарафшан қаласы.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Гидроэлектр станцияларды салу — еліміздің энергетика жүйесін тұрақты дамытудағы ең маңызды бағыттардың бірі

саналады. Бұл жобалар тек электр энергиясы өндіріс көлемін арттырып қана қоймай, сонымен қатар

экономикалық өсімге, экологиялық тұрақтылыққа және су ресурстарын тиімді пайдалануға да қызмет етеді.

Суреттерде: “Узбекгидроэнерго” акционерлік қоғамы тарапынан Нарын өзенінде жалпы қуаттылығы 228 мегаватты “Нарын ГЭС каскады” аясында 6 гидроэлектр станциясының құрылысы басталған. Жобаның жалпы құны — 428,5 миллион АҚШ доллар болған құрал-жабдықтар мен технологиялардың елімізде өндіріліп жатқаны оның қосымша құндылығын арттырады.

Суреттерді түсірген Р.НАЗАРМАТОВ. (ӨЗА)



Ішкі туризм

ФЕРҒАНА – ЖАСЫЛ АҒҒАРДЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНЫ

Өзбекстан туралы естігеніңізде ең алдымен, жасыл желекке оранған, көркімен тамсандыратын Ташкент, тарихи орындарымен, мыңжылдан астам тарихы бар кесенелерімен Самарқант, Бұхара, Хиуа қалалары көз алдыңызға келеді. Сондай-ақ олар туралы естіген аңыз-әңгімелерде, пікірталастарда бұл қалалар жайлы сөз таластырған тарихшылар мен сарапшылар, әлеуметтік желілерде олардың сұлулығын айтып жеткізе алмайтын бағдарламалар ойыңызға оралады.

Иә, Өзбекстанның әрбір аймағы ерекше. Сөз саптауы, диалектісі, жүріс-тұрысы, тұрмыс-салты, мінез-құлықтары және салт-дәстүрлерінде де өзіндік бояу бар.

Біз Ферғана аңғарында орналасқан көрікті өңір — Ферғана облысы туралы сөз қозғамақпыз. Айта кеткен орынды, Ферғана аңғары географиялық тұрғыдан бірыңғай табиғи аймақ, бірақ саяси тұрғыдан үш мемлекетке — Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанға бөлінеді. Өзбекстанға тиісті бөлігінде Ферғана, Наманған және Әндіжан облыстары орналасқан. Сондықтан экономикалық және мәдени байланыстар бұл өңірді Орталық Азияның ең маңызды тораптарының бірі етіп тұр.

Ферғана аңғары — нағыз табиғаттың сыйы. Мұнда Нарын, Шахимардан, Қарадария сияқты өзендер мен жүзден астам көл бар. Таудан бастау алатын мөлдір сулар аңғардың егінін нәрлендіріп, табиғатына ерекше көрік береді.

Бұл аймақтың статистика басқармасының үстіміздегі жылдың 1 июніне дейінгі мәліметіне сүйенсек, облыста 4181008 адам тұрады. Оның құрамында 15 аудан және 4 ірі қала бар. Олар — Марғылан, Ферғана, Қокан және Кувасай.

Мемлекет — халықтың тірегі

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ

Қазіргі таңда елімізде халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және әрбір азаматтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында ауқымды, жүйелі реформалар жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде “адам — қоғам — мемлекет” қағидасына негізделген жаңа басқару моделі қалыптасып келеді. Бұл модель ең алдымен қарапайым халықтың мұн-мұқтажын ескеруге, әрбір азаматтың құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған.

Сол мақсатта, жұмыспен қамту, кембағалдықты қысқарту, кәсіпкерлікті қолдап-қуаттау және кәсіптік білім беру — мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының біріне айналды. Еліміз көлемінде “Жастар дәптері”, “Әйелдер дәптері”, “Темір дәптер” сынды арнайы әлеуметтік бағдарламалар сәтті іске асырылуда. Бұл бағдарламалар арқылы жұмыссыз жүрген азаматтарға жұмыс тауып беру, жастар мен әйелдерді кәсіпке баулу, шетелден оралған мигранттарды қайта бейімдеу және табысы аз от-

басыларды қолдап-қуаттау шаралары жүйелі түрде жүргізілуде.

Мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан мұндай кешенді қадам нәтижесінде мыңдаған азаматтар тұрақты табыс көзіне ие болып, өз ісін бастауға мүмкіндік алуда. Сонымен қатар кәсіби дағдыларды дамыту мен қайта даярлау бағдарламалары арқылы еңбек базарының сұранысына сай мамандар даярлануда. Әсіресе, ауылдық жерлер мен шалғай аумақтарда жұмыс орындарын көбейту, шағын және орта бизнесті дамыту, инфрақұрылымды жақсарту сияқты стратегиялық шаралар азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға үлкен сеп болуда.

Осындай игі бастамалардың жарқын көрінісі ретінде, Аққорған ауданында ұйымдастырылған кең ауқымды “Еңбек жәрменкесін” ерекше атап өтуге болады.

дәнегі мен қара інжірі, Хорезмнің күріші, Ташкенттің жүзімі мен жемістері белгілі. Ал Ферғанада Алтыарық жүзімі, мал шаруашылығынан алынған сүт өнімдері ерекше екен. Базарға кірсеңіз, құрттың тұр-түрін көресіз: пешке қақталған, райхан мен қалампыр қосылған және ешкі сүтінен жасалған түрлері. Әсіресе ешкі сүтінен жасалған құрттың дәмі тіл үйіреді.

Қокандықтардың пәтір наны, базлама наны, майға піскен қатламасы да ерекше танымал. Таудың бөктерінен әкелінген таңқұрайлар базар сөресін қызыл түске бояп тұрады. Қоканда тіпті балалар да қалампыр қосылған тағамдарға үйренген.

Ферғаналық фермерлер бүгінде танқұрайды брендке айналдырған. Ішкі базарды қамтамасыз етумен қатар, сыртқы базарға да шығарып отыр. Бұл туралы әлеуметтік желіден жиі көруге болады.

Марғылан қаласында қолөнер ерекше дамыған. Мұнда жібек кілемдерден тартып заманауи текстиль өнімдеріне дейін өндіріледі. Ал Риштан ауданы — ежелгі қыштан бұйым жасау өнерінің орталығы. Мамандардың айтуынша, бұл дәстүрдің тарихы тіпті тас ғасырына барып тіреледі. Жолдың бойындағы шеберханалар мен дүкендер бірнеше шақырымға созылып, түрлі қыш бұйымдар мен кәдесыйларды ұсынады. Әсем өрнекті ыдыс-аяқтар Қытай фарфорынан кем түспейді. Сапасы жоғары, бағасы қолжетімді. Мұндай өнердің тек Риштанда дамуының себебі — шеберлердің өнері ұрпақтан-ұрпаққа берілуінде және жергілікті топырақ құрамының ерекшелігінде.

Сапардан алғашқы күнін толық саяхатқа арнадым. Мен барған жерімде міндетті түрде мұражайға барамын. Әкем тарих пәнінің мұғалімі болғандықтан, бала күніменен тарихи орындарға көп барғанбыз. Сондық-

Шара “Кәсіби дағдылар” орталығының ғимаратында өткізіліп, облыстық және аудандық деңгейдегі ресми органдардың қолдауымен ұйымдастырылды. Жәрменкенің басты мақсаты — аудан тұрғындарын жұмысқа орналастыруға, олардың кәсіби бағытын анықтауға, кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандыруға және еңбек құқығы бойынша кеңестер беруге жағдай жасау болды.

Оған Ташкент облысы прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры Ғ.Мавланов, аудан прокуроры Д.Файзиев, аудан әкімінің бірінші орынбасары О.Уктамов, әкім орынбасары С.Назарова, Кембағалдықты қысқарту және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Б.Утаганов қатысып, жәрменкенің өту барысымен тікелей танысты.

Жәрменкеге аудан бойынша 65-ке жуық мекеме мен ұйым, соның ішінде 4 ірі өндірістік кәсіпорын қатысты. Олар жалпы 320 бос жұмыс орнын ұсынып, жұмыс іздеушілерге кең таңдау жасады. Бұл болашаққа бастар жол, жана өмірдің бастауы болды десек, артық айтпаймыз.



тан бұл әдет менде қалыптасты. Ферғана облыстық тарих және мәдениет мемлекеттік мұражайды интернет арқылы тауып, таксимен жеттім. Бұл мұражай — өзіндік болмысы бар, ерекше орын.

Негізгі экспозиция залдары екінші және үшінші қабатта орналасқан. Екінші қабаттағы төрт бөлім — табиғат, археология, Қокан хандығы және Ферғана облысының тарихы. Ал үшінші қабатта бейнелеу өнері мен қолданбалы өнер залдары бар.

Менің назарымды ағаштан жасалған биік өкшелі аяқ киімдер аударды. Мұражай қызметкерінің айтуынша, бұл өңір батпақты болғандықтан, тұрғындар осындай аяқ киімдерді киген екен. Бұл — тарихтың тірі куәсіндей әсер қалдырды.

Ферғана облысында орналасқан Шахимардан — табиғаты таңғажайып мекен. Оны жұрт текке “Өзбекстанның Швейцариясы” атамайды. Биік таулармен қоршалған аңғардың ауасы ерекше таза, мөлдір булақтар

мен өзендер араласқан жасыл белестер көздің жауын алады. Жазда да салқын, суы мұздай болады дейді жергілікті тұрғындар. Мұнда табиғи демалыс аймақтары мен саяхатшылар жиі келетін орындар көп.

Қорыта айтқанда, Ферғана — тарихы терең, табиғат тамаша, еңбексүйгіш халық мекендейтін ерекше өңір. Мұнда ежелгі өркениеттің ізі сақталған, ал бүгінгі таңда заманауи даму мен дәстүр қатар өркендеп келеді.

Бұл өңірге бір барған адам табиғатына, мәдениетіне, адамдарының жылы шырайына еріксіз ғашық болады.

Ферғананың қонақжай халқы мен иісі аңқыған наны, сондай-ақ Қоканның қалампырлы тағамдары, Риштанның қыш бұйымдары мен Марғыланның жібек маталары — Өзбекстанның рухани және мәдени байлығының айқын көрінісі.

Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Шараға 135-ке жуық жұмыссыз азамат, пробация бақылауындағы 12 адам, сондай-ақ 7 еңбек мигранты қатысты. Жәрменке нәтижесінде 24 адам тұрақты жұмыс орнына жолдама алды, 36 азамат кәсіби оқудан өтуге ниет білдіріп, ваучер негізінде “Кәсіби дағдылар” орталығына жіберілді, 5 азамат кәсіпкерлікпен айналысуға қызығушылық танытып, әкім көмекшілерінен арнайы ұсыныстар мен кеңестер алды, 12 қатысушыға еңбек құқығы бойынша кәсіби кеңес берілді.

Жәрменке — тек жұмыс ұсыну алаңы емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік әлсіз топтарға, жұмыссыздықпен бетпе-бет келген азаматтарға, қайта интеграцияны қажет ететін жандарға нақты көмек көрсету форматы. Мұндай шаралар арқылы халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен өмір сапасы артып, еліміз болашағына сенімі нығаиды.

Аққорған ауданында өткен бұл “Еңбек жәрменкесі” — бір реттік акция емес, мемлекет пен қоғам арасындағы тығыз байланыстың, халыққа деген жаныашырлық пен нақты әрекеттің көрінісі. Алдағы уақытта мұндай бастамалар жүйелі түрде жалғасып, мыңдаған азаматқа жана мүмкіндік сыйлайтынына сенім мол.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

жібек шаруашылығы қатар дамуда. Бұл агроөнеркәсіп кешенінің жан-жақты өркендеуіне ықпал етіп, ауданның экономикасын көпсалалы бағытта нығайтуға жағдай жасауда.

“Сардоба әмбебап кластері” бүгінгі таңда жоғары экономикалық тиімділігімен қатар, әлеуметтік маңызы зор жобаларды жүзеге асыруда. Бұл — өңірлік дамуға кешенді көзқарастың нақты үлгісі. Кластердің әмбебаптығы оның Сардоба ауданындағы негізгі өсу орталығы ретіндегі орнын айқындайды. Сонымен қатар ол өнеркәсіптендіру, импортты алмастыру, халықты жұмыспен қамту сияқты ұлттық деңгейдегі басым бағыттарды орындауға елеулі үлес қосып отыр.

Сардоба жерінде басталған бұл бастама тек бір ауданның ғана емес, тұтас аймақтың экономикалық өркендеуіне жол ашатын игілікті қадамға айналды.

Айдана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Шара

ҰЛТ ПЕРЗЕНТТЕРІ

Жоғарышыршық ауданы Политехникумында жастарды отансүйгіштік пен туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерімізге құрмет, даңқты тарихымызды терең білу рухында тәрбиелеу мақсатында жастардың қатысуымен өзбек ағартушылары Абдулла Қадыри, Абдулхамид Чолпан, Абдурауф Фитрат, Усман Насыр, Абдулла Авлони, Исақхан Ибрат, Ашурали Зохири, Қожа Муин, тағы басқа да тарихи қаһармандарға арналған кітаптардың тұсаукесері және олардың өмірі мен шығармашылығына арналған кинофильмдердің көрсетіліміне арналған “Жәдидтер — ұлт қаһармандары” тақырыбында шара өтті.

Бұл шара Өзбекстан ХДП аудандық кеңесі, Республикалық руханият және ағарту орталығының аудандық бөлімі, аудандық “Нуроний” қоры, аудандық Ақпараттық кітапхана орталығымен бірлесіп өткізілді.

— Отанымыз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, жәдидшілік қозғалысы мен оның өкілдерінің атына айтылған қарғыс пен жалған жарлықтар алынып тасталып, олардың шын аттары қалпына келтірілді, — дейді шарада сөз алған аудандық “Нуроний” қорының төрағасы Тохир Норматов. — Тарихшы, әдебиеттанушы, тіл маманы, философ, заңгер, өнертанушы және педагог ғалымдар жәдидтердің бай ғылыми және әдеби мұрасын зерттеуде алғашқы нәтижелерге қол жеткізді. Тәуелсіздік жылдарында Фитрат, Чолпан, А.Авлони, Бехбуди, Абдулла Қадыри, Сыдқи Хандайлықы, Ибрат, Ажзи, Софызода, сондай-ақ Файзулла Қожаев, Мунавварқарының шығармалары жарық көрді.

Тарихтан білетініміздей, 1938 жылдың 28 мартында Сталин, Молотов, Каганович, Ворошиловтардың басшылығымен Өзбекстандағы саяси элитадан 165 адамды қуғын-сүргіндеу туралы тізімге қол қойылды. Осы тізім негізінде 4-7 октябрь күндері болған қайғылы оқиғалар орын алды. 155 адам ату жазасына, 10 адам еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 4 октябрь күні Құдайберген Дәуенов, Чолпан, Фитрат, Отажан Хашим, Абдулла Қадыри, Аңқабай, Ақбар Исламов, Исроил Ортиковтар атылды. Ал 5 октябрь күні әлдеқашан атылып кеткен адамдар “сотқа тартылады”.

Сол қырғын жасалған аумақ — “Албастыкөпір”, Ташкент, “Шаһидтер саябағы”. Сол күні атылған адамдардың көптігі соншалықты, Абдулхамид Чолпанға келгенде оқ таусылып, атқыштардың өзі шаршап қалады. Чолпанға ертең сені атып тастаймыз дегенде, ол: “Бұл адамдар жок дүниеде бір сәт те өмір сүргім келмейді, мені қазір атып тастандар”, — деп табандап тұрғаны үшін басын балтамен шауып өлтіреді...

Сондай-ақ шарада Республикалық руханият және ағарту орталығының аудандық бөлімінің басшысы Шахло Шоймова сөз сөйлеп, жастарды жәдидтердің бай ғылыми-әдеби мұрасымен жақыннан таныстырды.

Латиф МАНСҰР

Фотокөрме

НӘУБЕТ ҚҰРБАДАРЫН ЕСКЕ АЛУ

Республика бойынша түрлі еске алу кештері, рухани-ағартушылық шаралар, дөңгелек үстел сұхбаттары, көрмелер өткізілуде. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Нәубет құрбандарын еске алу мемлекеттік мұражайы “Тарихи жады, руханият және рухани тәрбие — жаңа Өзбекстанның іргетасы” ұранымен Ташкент фотосуреттер үйінде Өзбекстан Көркемөнер академиясымен бірлесіп “1939 жылғы 4 октябрь құрбандары — мәңгілікке таңбаланған ұлт жанқиярлары” атты фотокөрме ұйымдастырылды.

Онда 1937-1938 жылдардағы “Үлкен қырғын” кезінде саяси қуғын-сүргін құрбаны болған мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым, мәдениет, әдебиет және өнер өкілдеріне қатысты тарихи фотосуреттер көрсетілді. Олар көпжылдық зерттеулер, экспедициялар барысында арнайы мұрағаттардан, кітапханалардан және қуғын-сүргін құрбандарының жақындарының жеке мұрағаттарынан алынды.

Көрменің ашылу салтанатында Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Нәубет құрбандарын еске алу мемлекеттік мұражайы, сондай-ақ Өзбекстан Көркемөнер академиясы бас-

шылығы атынан сөз сөйлеген Бахтияр Хасанов пен фотосуреттер бөлімінен Рустам Шарипов көрменің мазмұны, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі рухани-ағартушылық маңызы, жаңа Өзбекстанда тарихымызды шынайы зерттеу нәтижелері туралы пікір білдірді.

Шараға Нәубет құрбандарын еске алу мемлекеттік мұражайы мен “Шахидлар хотираси” қоғамдық қорының ұжымы, Көркемөнер академия өкілдері, студент жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Хасан АБДУНАЗАРОВ,
Ташкент қаласы.

Су — тіршілік көзі

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША СЕРІКТЕСТІК

Су — баға жетпес байлық. Бүкіл әлемде оған деген сұраныс пен қажеттілік артып келеді. Қазіргі жағдайда Орталық Азияның ортақ су ресурстарын ұтымды пайдалану аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің, дамуға қол жеткізудің маңызды факторларының бірі.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияевтың жаһандық экологиялық қатерлердің алдын алу, атап айтқанда, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша сындарлы ұсыныстары мен практикалық бастамалары Біріккен Ұлттар Ұйымы мен халықаралық қауымдастық тарапынан кеңінен мойындалып, қызу қолдауға ие.

Олардың қатарында БҰҰ-ның Аралбойы үшін Адам қауіпсіздігі бойынша көпсеріктестік Трастық қорын құру, Аралбойын экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жариялау туралы арнайы қарар, “Орталық Азия жаһандық климаттық қауіп-қатер жағдайында: тұрақты даму мен өркендеу үшін аумақтық ынтымақтастықты нығайту” резолюциясын қабылдау бар.

Өзбекстан басшысы 2023

жылдың 19 сентябрінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында сөйлеген сөзінде жаһандық ауқымдағы үш дағдарыстың, атап айтқанда, климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің жоғалуы және қоршаған ортаның ластануы күшейіп жатқанын атап өтіп, Орталық Азия климаттың өзгеруіне ең осал аймақтардың біріне айналып отырғанын көрсетті.

Өзбекстан тарапынан Арал апатының зардаптарын жою бойынша қабылданып жатқан шаралар, аумақтағы климаттық өзгерістердің кері әсері және сумен қамтамасыз етудің төмендеуінің тенденциялары туралы ақпарат берілді.

Осы жағдайды негізге ала отырып, аумағымызда қабылданған “Жасыл даму” бағдарламасы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының Су ре-

сурстары бойынша арнайы өкілі лауазымын құру, суды үнемдеу технологиялары бойынша Орталық Азия платформасын құру, жүйелі ынтымақтастық орнату қолдап-қуатталды.

Өзбекстан Ислам конференциясы ұйымы жанындағы Су ресурстарын дамыту және басқару жөніндегі Ислам мемлекетаралық желісі, Ирригация және дренаж бойынша халықаралық комиссия, Дүниежүзілік су кенесі, Ірі бөгеттер халықаралық комиссия сияқты халықаралық ұйымдардың мүшесі саналады, сондай-ақ олардың халықаралық шараларына белсене қатысады.

Өзбекстан делегациясы үстіміздегі жылдың 7-10 сентябрінде Малайзияның Куала-Лумпур қаласында өткен 4-Дүниежүзілік ирригация форумына, Халықаралық ирригация және дренаж халықаралық комиссиясының Бас хатшысы Ракеш Кумар Гуптамен әңгімелесу барысында Өзбекстан мен комиссия арасындағы ынтымақтастықты нығайту, халықаралық жұмысшы топтарға

мамандарды тарту, су шаруашылығы нысандарын жаңғырту жобаларына халықаралық қолдау көрсету мәселелері талқыланды.

Өзбекстан Орталық Азия елдерімен су мәселелері бойынша көпжақты деңгейде — Халықаралық Аралды құтқару қоры мен Мемлекетаралық су ресурстарын үйлестіру комиссиясы шеңберінде және екіжақты — суды пайдалану бойынша үкіметаралық жұмысшы топтар шеңберінде қарым-қатынастарын дәйекті түрде дамытып келеді.

Мемлекет басшысының сындарлы саясаты мен күш-жігерінің нәтижесінде көршілес елдермен орнатылған достық және сенімді қарым-қатынас Орталық Азия аймағындағы трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану үшін берік негіз қалыптастырды.

Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен ынтымақтастық пен қол жеткізілген келісімдер нәтижесінде Сырдария және Әмудария бассейндерін сумен қамтамасыз ету деңгейін жаксартуда нәтижелерге қол жеткізілуде.

Зокир ИШПУЛАТОВ,
Су шаруашылығы министрінің орынбасары.

Қоғам және жастар

ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҮДЕРІСТЕГІ ОРНЫ

Жаһандану жағдайында саяси үдерістердің нәтижелілігі тікелей жастардың белсенділігі мен олардың саяси мәдениет деңгейіне байланысты. Сол үшін де жастардың саясатқа қатысуын арттыруға олардың ішкі қажеттіліктері, қызығулары мен мотивацияларын талқылау зор маңызға ие.

Қажеттілік адам қызметін қозғайтын күші болып, саяси қатысуды ынталандыратын негізгі фактор ретінде көрініс табады. Ол адамның өмірлік керек-жарағын, белгілі мақсатқа жетуге деген ішкі ұмтылысын көрсетеді. Ал саяси қажеттілік тұлғаның саяси ақпаратқа ие болуы, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, өз пікірін еркін айта алу және қоғам басқаруына қатысу тілегін білдіреді. Жастардың саяси қажеттілігі қалыптаспаса тұрып, олардың саяси үдерістердегі белсенділігі де төмен болады.

Жастардың саяси қажеттілігі олардың саяси белсенділігін арттырады. Мысалы, әлеуметтік әділетке деген қажеттілік олардың саяси партиялар немесе қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысуға үндейді. Керісінше, қажеттіліктің төмендігі саяси немқұрайдылыққа әкеп соғады. Сол себепті саяси қажеттілікті күшейту жастардың қатысуын кеңейтудің маңызды шарты.

Қажеттіліктер жастардың саяси үдерістерге қатысуын арттыруда қандай рөл атқарады деген сұрақты ортаға салып, оған жауап табуға тырыстық. Алдымен, қажеттілік әрбір жас буынның рухани, физиологиялық, интеллектуалдық және өз алдына қоятын мақсаттарына сәйкес пайда болып, оны әрекет етуге үндейді. Сонымен қатар қажеттілік жастардың отбасында алатын тәрбиенің бағыты мен мақсаттары негізінде түрлі деңгейде болады. Бірақ әңгіме тек бұл үдерістер туралы ғана емес, қажеттілік қоғамның еркін әлеуметтік тобы ретінде оларды өзара ұйымдастыру, әлеуметтік-саяси белсенділігі мен қатысуын арттырудағы орны жөнінде өрбуде. Сондықтан қажеттілік жастарды мақсат пен мүдделердің жалпылама негізінде үйлестіреді және оларды жүзеге шығаруда белсенділігін арттырады. Жастарды бірегей әлеуметтік топ ретінде “менің” қамтамасыз етуге деген ұмтылысы

мен іс-әрекеттері негізінде үйлестіреді, белсенділік таңытуға жұмылдырады.

Мұндай үйлесімділік, әрине жауапкершілік, рухани-иентеллектуалдық әлеует, мақсат пен мүдделер арқылы көрініс табады. Олар әлеуметтік-саяси және рухани-ағарту қажеттіліктер ретінде туындауы жастарға қозғау салатын мотивтер болып табылады. Дәл қазірде қажеттіліктердің өсуі жастарда идеяларды жүзеге шығаруды дәйектілікпен жетілдіріп отыруды, оларға қарағанда әлеуметтік-саяси жана-суды талап етеді.

Қажіттіліктер өздігінен туындамайды, ол жастардың қоғамда өмір сүруі, өмір бойы жоғарыда айтып өткен факторлардың әсерінде қалыптасады. Егер олар сезінбесе қажеттіліктерге сұраныс та туындамайды.

Қорыта айтқанда, жастардың саяси үдерістерге қатысуын арттыруда қажеттіліктің орны шешуші маңызға ие. Саяси қажеттілік жастардың азаматтық санасын жоғарылатады, саяси қаулылар қабылдау үдерісінде олардың жауапкершілігін арттырады. Сол үшін білім, мәдениет, ақпарат саясаты мен мемлекеттік институттар бірге жастардың саяси қажеттіліктерін қалыптастыруда және оларды белсенді азаматтық ұстанымға бағыттауда маңызды рөл атқарады.

Жастардың саяси үдерістерде қатысуын арттыру, алдымен, олардың ішкі саяси қажеттіліктерін қалыптастыру және ығайтумен байланысты. Қажеттілік — бұл қозғалыс көзі, ал қатысу оның нәтижесі саналады. Сондықтан да жастардың саяси қажеттіліктерін сезіну және оларды мемлекет, қоғам, сондай-ақ білім беру жүйесі деңгейінде қолдап-қуаттау демократиялық реформалардың маңызды кепілдігі саналады.

А.ХУДАЙНАЗАРОВ,
ШМПУ-дің еркін зерттеушісі.

Пән мұғалімдері үшін

ЗАМАНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ

Заманалық білім беру үдерісінде информатика оқытушыларының біліктілігі мен компетенттілігі тұрақты түрде дамытып отыруы талап етіледі.

Әсіресе форсайт компетенттілік — яғни болашақты алдын ала көре білу, инновацияларды басқару және өзгерістерге сәйкестену қабілеті оқытушылардың маңызды ерекшеліктерінің бірі саналады. Осы компетенттілікті дамыту үшін тиімді әдістердің бірі ретінде компьютерлі модельдеу құралдарын пайдалану көзделеді. Форсайт компетенттілік — болашақта әлеуметтік, ғылыми-техникалық және тәлімдік үдерістерді алдын алу болжау, туындайтын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін беретін білім, біліктілік, дағды және қабілеттердің жиынтығы саналады. Бұл компетенттілік информатика оқытушыларында иннова-

циялық үдерістерді басқару және жаңа технологияларды нәтижелі қолдануда маңызды рөл атқарады.

Компьютерлі модельдеудің орны. Компьютерлі модельдеу — бұл нақты үдерістер, жүйелер немесе оқпаларды компьютер бағдарламаларының көмегіне суреттеу және оларды басқару тәсілі. Информатика оқытушылары үшін бұл құрал болашақтағы өзгерістерді алдын ала көру және олар бойынша түрлі сценарийлерді сынап көру мүмкіндігін береді. Сондай-ақ компьютерлі модельдеу арқылы күрделі үдерістер түсінікті және визуалды түрде ұсынылады, бұл оқытушылардың форсайт пікірлеуін дамытуға жәрдем береді.

Дамыту әдістемесі болашақ информатика оқытушыларында форсайт компетенттілікті дамыту үшін мынадай адымдарды ұсынады. Яғни теориялық негіздерді үйрету, іс жүзіндік жаттығулар, жобалық қызмет, рефлексия және бағалау.

Болашақ информатика оқытушыларында форсайт компетенттікті компьютерлі модельдеу құралында дамыту — бұл заманалық білім берудің нәтижелілігін арттыру, оқытушыларды болашақтағы ділгірліктерді алдын ала көре білуге және оларға сәйкес түрде шешім табуға үйретудің тиімді тәсілі саналады. Бұл әдістеме тек кәсіптік біліктілік қана емес, инновациялық пікірлеуді қалыптастыруға қызмет етеді.

С.ХАСАНОВА,
ШМПУ-дің Бастауыш білім беруде практикалық пәндер кафедрасының доценті.

Көрме

ТАБИҒАТ — БІЗДІҢ ҰЙІМІЗ

Өзбекстан Экологиялық партиясы ұйымдары тарапынан жас ұрпақтың арасында тұрақты экологиялық насихат шаралары, байқаулар, кездесулер және дөңгелек үстел сұхбаттары ұйымдастырылуда. Басты мақсат — жас ұрпақты бала кезінен-ақ табиғатқа мейірімділік, қоршаған ортаны қорғау рухында үлкейту, оларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Жуырда Алмазар ауданындағы №249 жалпы орта білім беретін мектепте өткен шара да осы мақсатта ұйымдастырылды. Өзбекстан Экологиялық партиясы Ташкент қалалық

Кенесі, “Тасвирий ойна” шығармашылық бірлестігі, Ташкент қалалық Экология, қоршаған ортаны сақтау және климат өзгеруі басқармасы, Жастар істері агенттігімен ынтымақ-



тастықта “Табиғатты қорғау — адамды, Отанды қорғау” атты жылжымайлы фото және бейнелеу өнерінің туындылары көрмесі ұйымдастырылды.

Шарада экологиялық тәрбие, климаттың өзгеруі, Арал апаты, суды үнемдеу, жануарлар әлемін қорғау, табиғатқа мейір-шапағатпен және ұқыптылықпен қарым-қатынаста болу мәселелері талқыланды. Онда жастар өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, жанды байланысқа белсене қатысты.

Халық депутаттары Алмазар аудандық Кенесінің депутаты Ш.Умархужаева мемлекет басшысының “2030 жылға дейінгі кезеңде тұрғындардың экологиялық

мәдениетін жоғарылату концепциясын бекіту туралы” қаулысының мән-мазмұны мен маңызды жайлы сөз өрбітті.

Сондай-ақ “Жас экологтар” қозғалысының белсенділері астанамыздағы экобелсенділермен бірге түсіндіру істерін жүргізу, экологиялық тәлім-тәрбиені қалыптастыруда жастардың орны орасан зор екенін тілге тиек етті.

Мұндай насихаттау және түсіндіру істері өсіп келе жатқан жас ұрпақты табиғат-Анаға деген мейір-шапағатты болу рухында тәрбиелеуде зор маңызға ие.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Қазақстанға сәтті сапар

ТУЫС ЕЛДІҢ ТАТУ ТІРЛІГІ — ҒЫНТЫМАҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттері — түбі бір, тамыры терең, бауырластығы мен достастығы ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан тағдырлас елдер. Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық тарихи байланыстар мен ортақ мәдени құндылықтар негізінде қалыптасқан. Тұтас тарих, тіл және мәдениет, салт-дәстүр мен рухани құндылықтар мемлекеттердің берік қарым-қатынасының іргетасы болып табылады. Бүгінде мұндай тарихи байланыстар мемлекетаралық деңгейдегі мәңгілік достық пен сенімді стратегиялық серіктестікке жол ашты.

Өзбек және қазақ халықтарының тағдыры, тұрмыс-салты, тіршілік-тынысы сан ғасырлар бойы бір арнада тоғысып келген. Ежелден Ұлы Жібек жолының бойында бірге өмір сүрген тағдырлас халықтар бір-біріне туыстық мейірімен, сыйластықпен қарап, үнемі бір-біріне қолдау көрсеткен. Өз кезегінде түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен дәстүрі, бір-біріне ұқсас тілі мен ділі олардың бауырластығын бекемдей түсті. Орта Азияның рухани және мәдени орталықтары — Бұхара, Самарканд, Ташкент және Түркістан сынды қасиетті қалалары түбі мен тағдыры бір елдердің рухани орталықтары саналады. Осы аймақтарда өмір сүрген ғұлама ойшылдар — Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Науаи, Абай, тағы басқа да ұлы тұлғалар қос халықтың мәдениетін, ғылымын және рухани мұрасын терең байытты.

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан және Қазақстан Республикалары арасындағы нәтижелі қарым-қатынас жоғары деңгейге көтерілді. 1998 жылы қол қойылған “Мәңгілік достық туралы меморандум”, сондай-ақ 2013 жылы қабылданған “Стратегиялық серіктестік туралы келісім” — екі елдің байланысын нығайтқан маңызды тарихи құжаттар болды. Бұл келісімдер мемлекеттер арасын-



дағы өзара сенім мен ынтымақтастықтың берік құқықтық негізін құрады.

Өзбекстандағы Абай мұрасын зерттеу мен насихаттау ісі — екі елдің мәңгілік достығы мен мәдени серіктестігінің көрінісі. Өйткені ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы — қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі жұрты мен адамзат мәдениетінің ортақ игілігі. Оның даналық сөздері, философиялық ойлары мен адамгершілік қағидалары ғасырлар бойы өзектілігін жоймай, жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып келеді.

Осы тұрғыда бауырлас Өзбекстан Республикасында Абай мұрасын терең зерттеу мен кенінен насихаттау ісі мемлекеттік деңгейге көтерілгенін

айта кеткен жөн. Бұл бағыттағы маңызды қадам — Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 13 марттағы “Ұлы қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын терең үйрену мен кенінен насихаттау туралы” қаулысы. Қаулы негізінде Абайдың еңбектері өзбек тіліне бірнеше рет аударылып, қайта басылды. Өзбекстанның барлық өңірлерінде жыл сайын “Абай оқулары”, “Абай әлемі” атты әдеби және мәнерлеп оқу байқаулары өткізіледі. Республикалық “Нұрлы жол” басылымында ақынның шығармашылық мұрасына байланысты танымдық мақалалар тұрақты жарияланып келеді. Ташкент қаласында Абай Құнанбаев атындағы әдеби-білім беру орталығы жұмыс істейді. Өзбекстан телеарналарында қазақ мәдениеті мен Абай мұрасы туралы деректі фильмдер мен телебағдарламалар жиі көрсетіледі. Бұл — екі халық арасындағы рухани байланыстың іс жүзіндік көрінісі.

Нақтырақ айтқанда, 2025 жылғы 2 октябрь күні Астана қаласында, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде “Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен” атты 10 халықаралық медиа байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жоғары деңгейде өтті. Байқауға

директоры Жанболат Үсенов, “Kazakh Tourism” ҰК” АҚ басқарма төрағасының м.а. Даниель Сержанұлы, “Astana Hub” PR және маркетинг кеңсесінің директоры Кристина Ризванова, “Астана” халықаралық қаржы орталығының корпоративтік және медиа-коммуникациялар жөніндегі директоры Айнура Исабаева, “Отандастар қоры” КеАҚ Коммуникациялар және халықаралық ынтымақтас-



тық департаментінің басқарушы директоры Ержан Мұқаш, баспасөз хатшысы Әлжан Шарипов қатысты.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Арман Исетов өз сөзінде жеңімпаздарды шынайы құттықтап, ұсынылған барлық жұмыстардың жоғары деңгейін және жыл сайын шетелдік журналистер тарапынан өтінімдердің көбеюін тілге тиек етті. “Отандастар қоры” КеАҚ Коммуникациялар және халықаралық ынтымақтастық департаментінің басқарушы директоры Ержан Мұқаш “Нұрлы жол” газетінің оқырмандары үшін арнайы сұхбат берді:

— Биыл “Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен” байқауына жаңа аталыммен қатыстық. Бұрын бұл байқауға тек шет тілді журналистер ғана қатысатын. Биылғы байқаудың ерекшелігі оған шетелде өмір сүріп жатқан қазақ тілді қандас журналистер де қамтылды. Жолдаған материалдардың құрылған комиссия мүшелері қарап, бірнеше елден қазақ тілінде жазатын журналистердің еңбектерін бағалады. Оның құрамында “Отандастар қорынан” ғана емес, “Егемен Қазақстан”, “Айқын”, тағы басқа газеттердің өкілдері де болды. Қазылар алқасы бірауыздан шешім қабылдап, жеңімпазды анықтады. “Нұрлы жол” газетінің тілшісі Арухан Ақпанбетова бұл байқаудың алғашқы қарлығашы ретінде өз әріптестеріне жол ашты. Келесі жылы да жаңа тақырып жариялап, қазақ тілді қандас журналистердің қатысуын кеңейту жоспарымызда бар.

Шарада бұл байқау және оның нәтижесі шетелдік медиа қоғамдастықтың Қазақстанға деген қызығушылығының артып бара жатқанын көрсететіні тілге тиек етілді. Байқау серіктестері де қатысушыларға алғыс білдіріп, Қазақстанда сәтті сайлап өткізуін тілеп, естелік сыйлықтарын тапсырды. Марапаттау рәсімінен кейін байқау жеңімпаздары ауқымды таныстырылыммен өткен ең ірі халықаралық технологиялық форум — “Digital Bridge 2025” шарасына қатысты. Олардың сапары форумның мазмұнды бағдарламасымен жалғасын тапты. Мәдени байланыстарды нығайту және Қазақстан мемлекетінің медиа өкілдеріне жақыннан таныстыру мақсатында жеңімпаздар Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларына мәдени-тарихи бағдарлама бойынша сапар жасады.

Жүлдегер атанған шетелдік

БАҚ өкілдері, ең алдымен, әсем Астана қаласының көрікті жерлерімен танысты. Әсем Астана — заманауи сәулет өнерінің орталығы. Мұнда әйгілі Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ұлттық мұражай, Хан Шатыр сияқты бірегей ғимараттар орналасқан. Қалада көптеген жоғары оқу орындары, мәдениет ошақтары мен саябақтар құрылған. Бұл қала журналистерде халықаралық дең-

гейде танылған, қарқынды дамып келе жатқан, Қазақстанның тәуелсіздігі мен өркендеуінің ретінде ерекше әсер қалдырды.

Бұдан тыс, шара барысында “Отандастар Қоры” КеАҚ-ның, “Егемен Қазақстан”, “Айқын”, “Түркістан” газеттерінің қызметі кенінен таныстырылды. “Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы Фабиат Мүсіреп өз сөзінде екі мемлекеттің мәдени, ағартушылық салалардағы байланыстарын, қол жеткізген жетістіктерін айтып өтті. Мұндай берік байланыстардың жалғасымды болуына тілектес екенін білдірді.

Журналистер 3-5 октябрь күндері Шымкент және Түркістан қалаларының мәдени орындарымен, тарихи нысандарымен, жәдігерлік кешендерімен танысты. Шымкент — Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі, оңтүстіктегі мәдени және экономикалық орталық. Қала Түркістан облысының әкімшілік орталығы. Қалада өнеркәсіп, сауда, білім және туризм салалары қарқынды дамып келеді. Қала бүгінде жасыл желек де бөленген, халық саны миллионнан асқан ірі мегаполиске айналды. Мұнда мәдени шаралар, халықаралық көрмелер мен фестивальдер жиі өткізіледі. Шымкенттің тарихы екі мың жылдан асады. Ол Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, ежелден сауда мен мәдениеттің тоғысқан жері болған. Археологиялық деректер бойынша, Шымкент VIII-IX ғасырларда-ақ маңызды қалашық ретінде дамыған.

Мұнда журналистер “Шым қала” тарихи-мәдени кешенімен, Сейітжан қары Есжанұлы атындағы Үлкен мешітпен, Бәйдібек би ескерткішімен қатар орналасқан этно-тарихи кешендермен танысты. 2021 жылы халық игілігіне ұсынылған “Шым қала” тарихи-мәдени кешені — жергілікті маңызы бар, тарихи және мәдени ескерткіштері мемлекеттік тізімге енген Қазақстан Республикасының нысаны. Аспан асты мұражайы ортағасырлық қала негізіндегі “Рабад”, “Шахристан”, “Цитадель” деп аталатын үш бөліктен тұрады. Ал Сейітжан қары Есжанұлы атындағы Үлкен мешіт Шымкент қаласының жана әкімшілік-іскерлік орталығына орналасқан. Мешіт 4 мұнарадан тұрады. Негізгі бас күмбездің биіктігі 56 метр. Онда 12 мыңға жуық мінажәт етушілердің сыю мүмкіндігі бар, ал кіреберіс алаңы бірден 10 мыңға жуық келуші жинала алады. Бұл мешіт оңтүс-

тік өңір тұрғындарының рухани орталығы ғана емес, Шымкент қаласының көрнекті орындарының біріне айналған. Ал “Бәйдібек би” ескерткіші — Шымкент қаласындағы ең биік ескерткіш болып табылады. Бәйдібек Қарашаулы — аты әйгілі би және қазақ халқының батыры, халық арасында ол өзінің әділдігімен, сөз тапқырлығымен, адамгершілігімен, даналығымен белгілі болған.

Сапардың келесі күндері қатысушыларға киелі Түркістан қаласына медиа-тур ұйымдастырылды. Ол жерде медиа құралдары өкілдері Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб, Рәбия Сұлтан Бегім кесенелерімен, Отырар қалашығымен, Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығы сапар орталығымен, сондай-ақ “Хилует” жерасты мешітімен, Шығыс монша-сымен және Этноауылмен терең танысты.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі — ортағасырлық сәулеттік көрнекті ескерткіші, өз қабырғаларында міндеті бойынша түрлі орын жайларды, сарайлар мен ғибадатханалар кешенін біріктірген сәулет өнерінің жауһары. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған



көрінеді. Кесене — үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Бұл кесене бүкіл дүние мұсылмандары үшін қасиетті орынға айналды. Көлемі жағынан Самарқандтағы Биби ханым мешітіне тең. Бүгінде Түркістанға ортағасырлық сәулет өнерінің теңдесі жоқ жауһарын талашалау үшін дүние жүзін саяхатшылар келіп жатады.

Сондай-ақ, Арыстанбаб кесенесі — көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы XII ғасырда Арыстанбаб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құрырахана, азан шақыратын мұнара сияқты жеке құралдардан құралған.

Елдің рухани қазынасы мен тарихи мұрасы — ұлттық сана мен мәдениеттің ажырамас бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда Отырар қалашығы мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі — халқының мақтанышы. Отырар — Ұлы Жібек жолының бойындағы ежелгі қала. Орта Азия өркениетінің ірі орталығы. Шыңғыс хан жорығынан бастап Әмір Темір дәуіріне дейінгі тарихи кезеңдердің куәсі болған бұл қалада мәдениет, ғылым, сауда өркендеген. XX ғасырда Кемел Ақышев бастаған археологиялық зерттеулер нәтижесінде Отырардың бай тарихы қайта жаңғыртылды. Қала орнындағы археологиялық қазбалар мен табылған жазба деректер —



қазақ жеріндегі өркениет деңгейінің айғағы. Отырардың зерттелуі бүгінгі таңда да жалғасып, ғалымдар оның мәдени, рухани және саяси маңызын жан-жақты ашуда.

Мазмұнды сапар мұнымен шектелген жоқ. Шетелдік журналистердің сапары 5-8 октябрь күндері Алматы қаласы және Алматы облыстарына саяхатпен жалғасты. Онда журналистер Алматы қаласы мен Алматы облысының көрікті жерлерін тамашалады. Қаладағы Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ тау шаңғысы курорты, қаланың ең биік нүктелерінің бірі — Көктем саябағы, Көк базар, Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайы таныстырылды.

Алматы — республиканың ең ірі қалаларының бірі және елдің мәдени, ғылыми, қаржылық орталығы. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алматы Қазақстанның астанасы болған. Қазір қала республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие. Алматы Іле Алатауының баурайында, табиғаты көркем жерде орналасқан. Қаланың климаты жұмсақ, жаз айлары жылы, ал қыс мезгілі қарлы әрі қысқа болады. Бүгінде Алматы — заманауи мегаполис, онда білім, мәдениет, туризм және бизнес салалары жақсы дамыған. Қала-

дағы ағаштарымен, мөлдір көгілдір суымен танғалдырады. Көлге барған кез келген адам оның сұлулығына тамсанып, табиғаттың тылсым күшімен жасалған көрініске тәнті болады. Қайыңды көлі Қазақстанның Алматы облысында, Көлсай көлдері ұлттық паркі аумағында орналасқан. Ол теңіз деңгейінен 1867 метр биіктікте жатыр. Көл 1911 жылы жер сілкінісінің нәтижесінде пайда болған. Жер көшкіні тау шатқалын бөгеіп, жаңбыр мен еріген қар сулары жиналып, көлге айналған. Қайыңды атауы қазақ тілінде “қайыңды жер” деген мағынаны білдіреді. Алайда көлдің суында көбінесе шыршалар сақталған, ал қайың ағаштары маңайда өседі. Су астындағы ағаштардың биіктігі шамамен 15-20 метрді құрайды. Уақыт өте келе олардың ұштары су бетінен шығып, ерекше көрініс қалыптастырған. Көлдің түсі жыл мезгілдеріне қарай өзгереді. Жазда көгілдір түске боялса, күзде жасыл және ашық көк түстер араласады.

“Көлсай көлдері” мемлекеттік ұлттық табиғи паркі — табиғи кешендерді қорғау және қалпына келтіру, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған, ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жатады. 161 мың гектар аумақты қамтитын бұл парк ерекше қорғалатын экожүйе саналады. Мұнда өсімдіктердің 700-ден астам түрі, жануарлардың 200-ге жуық түрі мекендейді. Ұлттық парктің жері табиғи, ауа райы таулық ландшафт тобына жатады. Оның аумағы Алматы облысы, Кеген ауданының баыс бөлігін және Талғар ауданының шығыс бөлігін қамтиды.

Жалпы алғанда, Атажұртқа сегіз күндік сәтті сапар шетелдік БАҚ құралдары өкілдерінде ерекше әсер қалдырды. Олар бұл елдің таңғажайып табиғатына сүйсініп, ұлттық құндылықтарға толы тарихи кешендері, бай жәдігерлік мұралары туралы ақпараттармен танысып, көркем табиғаты құшағында ерекше әсерге бөленді.

Осы орайда, журналистерге Қазақстан мемлекетіне медиа-тур ұйымдастырып, сол елмен терең танысуға және табиғатын, барлық ғажайып нысандарын тамашалауға мүмкіндік жасаған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне және байқаудың барлық серіктес ұйымдарына, министрліктің Халықаралық ақпарат комитетінің бірінші хатшысы Салтанат Абдралиловаға, “Отандастар Қоры” КеАҚ президенті Данияр Қадыроваға, сонымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларының, Алматы облысының әкімдіктеріне, Мәдениет басқармаларына өз алғысымызды білдіреміз.

Қорыта айтқанда, Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттері арасындағы достық, жақын көршілестік, әрі сенімді серіктестік байланыстары нығая берсін, дейміз. Түрлі салалардағы берік байланыстар жалғасын тауып, екі елдің бірлігі бекем, достық, туыстық қарым-қатынастары мәңгілік болсын.

Арухан АҚПАНБЕТОВА, “Нұрлы жол” газетінің Әдебиет, мәдениет және өнер бөлімінің меңгерушісі.

Суреттерде: байқау жеңімпаздары және Қазақстанның көрікті аймақтары.

Нұрлы жол

Құрылтайшылар:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі

Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3697

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сөйкес келе бермейтіндігі ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

Кезекші редактор:
Үсен БАТЫРБЕКОВ

Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды.

Кәсіпорынның мекенжайы:
“Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1026.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 21.45
1 2 3 4 5 6